

Бекітемін:  
№ 11 «Балапан» бөбекжай-балабақша меңгерушісі  
А.Ершова



Тексерілді:  
Балабақша әдіскері  
Ж.Исатаева

# «Ертегілер елінде»

Вариативтік компонент

«Балауса» ортаңғы тобы

2020-2021 оқу жылы

## Кіріспе

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлау мәдениеті мен қиялы дамьту жұмыстарын жүргізуде үстел-үсті, қуыршақ, конус, саусақ театрларының, сонымен бірге сахналық қойылымдардың ролі өте үлкен. Сахнада балалар өздерін ертегі кейіпкерлерінше сезініп, ой-қиялдарын ұшқырлайды. Өздері сүйіп тындайтын ертегі кейіпкерлерінің бейнелерінде ойнау - олар үшін зор қуаныш сезімін тудырады. Сахналық қойылымдар мазмұны арқылы балалар лексиканы меңгереді, диалогке түседі, ертегідегі жануарлардың дауыстарын, қимылдарын айныппай салып, барынша көрсетуге тырысады. Соның нәтижесінде, балалардың шығармашылығы дамиды, қызығушылықтары артып, қуанады.

Тәрбиешімен бірлескен шығармашылық барысында қабілетті, мектепке дейінгі бала тұлғасын дамытуға мүмкіндік туады. Ұлы педагог А. Сухомлинский: «Скрипа ұстаған адам жамандық жасай алмайды» - дегенді жиі қайталаған. Олай болса, театр мен көркем өнер арқылы бала көкірегіне сондай скрипка ұялатып, оны ойната білу педагогтің басты міндеті болмақ.

**Мақсаты:**

Сахналық қойылымдар арқылы балалардың шығармашылығын дамыту

**Міндеттері:**

1. Ертегі мазмұнын сахналау арқылы 3-4 жастағы балалардың тіл байлығын жетілдіру;
2. Дауыс ырғағы арқылы ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлықтарын көрсете білуге үйрету;
3. Әр-түрлі рөлдерге ойнай білу қызығушылығын дамыту;
4. Басқа балалармен ұжымдық қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру;
5. 3-4 жастағы балаларды сахна мәдениетіне тәрбиелеу.

**Мазмұны:**

- Бір-бірімен қарым-қатынасқа түсетін 2-3 қойылымдар
- Балалардың арман, қиялдарын дамытатын көріністер
- Көркемдік образдық бейнелеу құралдарын: екпін, ым, ишара, жүріс-тұрысты пайдалану
- Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау

Тақырыптық жоспар үлгісі

№	Мазмұны	Сағат саны	Өтілу түрі	Мақсаты	Көрнекілігі
1	Театр бұрышымен таныстыру.	1 02.09		Театр-туралы балаларға алғашқы түсінік беру және театр түрлерімен таныстыру. Театр қуыршақтары туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру	Әр –түрлі театр түрлері және т.б көрнекіліктер
2	«Екі дос» ертегісі	1 09.09	Үстел -үсті театры	Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.Кейіпкерлер сөздерін жаттау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, тіл байлығын жетілдіру	Ертегі мазмұны бойынша безендірілген үстел -үсті театры орман, екі адам аю бейнесі және т.б көрнекіліктер
3	«Үш аю» ертегісі	1 16.09	Қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы балаларға ертегі желісін толық әңгімелеу. Ертегіні көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту	Әсем әрі ертегі мазмұнына сай безендірілген қуыршақ театрының ширмасы және, үш аю,қасқыр ,түлкі. Ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер
4	«Жеті лақ» ертегісі	1 23.09	Қуыршақ театры	Достық қарым - қатынас жасауға тәрбиелеу. Ертегі кейіпкерлерінің адамгершілік қасиеттерін бағалау және оларға өзінің қатынасын білдіру іскерліктерін қалыптастыру	Эстетикалық талапқа сай безендірілген сахна: құрастырылмалы үйдің макеті, қасқыр, ешкі лақтар, ұнтаспа және т.б. көрнекіліктер



5	«Көкөністер айтысы» ертегісі	I 30.19	Конус театры	Конус театры арқылы ертегі желісімен таныстыру. Ертегідегі көкөністердің ерекшеліктері туралы әңгімелей отырып, табиғатты аялауға, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел үсті театры. Бау-бақшаның, қоршаудың жеміс ағаштарының жылжымалы конус макеттері және т.б. көрнекіліктер
6	«Бауырсақ» ертегісі	I 07.20	Қолғап театры	Қолғап театры арқылы ертегі мазмұнын әңгімелей отырып, мейірімді, қайырымды және басқа да игі қасиеттерді бойына сіңіруге үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген қолғап театры : ертегі кейіпкерлері бейнеленген қолғаптар және т.б. көрнекіліктер
7	«Дос іздеген бота» ертегісі	I 19.20	Үстел -үсті театры	Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру.Кейіпкерлер сөздерін жаттау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, тіл байлығын жетілдіру	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұны кейіпкерлері ертегі мазмұнына сай әуендер және т.б. көрнекіліктер
8	«Шалқан» ертегісі	I 22.20	Фланелеграф арқылы қойылым	Ертегі мазмұнымен таныстыру, жетекші сұрақтар қою арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету және достық сезімге тәрбиелеу	Фланелеграф, ертегі мазмұнын бейнелейтін, суреттер және т.б. көрнекіліктер
9	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	I 28.20	Қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі кейіпкерлерінің мінез құлықтарын ажырата	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: ертегі кейіпкерлерінің қимылына сай жетекші әуендер және т.б. көрнекіліктер

				білуге үйрету	
10	«Қызыл телпек» ертегісі	104, 11	Саусақ театры	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін көрсете білуге, саусақ театры арқылы тілдерін дамыту	
11	«Ормандағы емхана» ертегісі	111, 11	Қуыршақ театры	Балалармен бірге ертегі қойылымын қуыршақ театры арқылы ойнап көрсету және табиғатты қорғау сезімдерін күшейту, шығармашылықты дамыту	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: жылжымалы ормандағы ағаштардың макеттері, гүлдер, ағаштан жасалған мектеп, ағаш түбіртектері, қуыршақ кейіпкерлер, ертегі мазмұнына сай әуендер
12	«Күлше қыз» ертегісі	118, 11	Қуыршақ театры	Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын, көңіл күйін, іс-қимылын сөздік образын ойыншық арқылы көрсете білу. өзін-өзі ұстаудың мәдени дағдылары мен адамгершілік, мейірімділік, қамқорлық қасиеттерді көрсетуге баулу	Эстетикалық талапқа сай безендірілген ширма, ертегі мазмұнына байланысты әуендер және т.б. көрнекіліктер

13	«Түлкі мен ешкі» ертегісі	1 25.11	Фланелеграф арқылы қойылым	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, жетекші сұрақтар арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	Фланелеграф, ертегі мазмұнына байланысты кейіпкерлердің суреттері
14	«Ай мен күн»ертегісі	1 02.12	Үстел-үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, үстел-үсті театры арқылы сөйлеу тілін дамыту, дауыс ырғағын келтіре орындап жүйелі баяндауға үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры, жылжымалы үй, коралардың макеті, үйшік, астау макеттері, тауық,ит, қоян, ешкі, мысықтың кейпін бейнелейтін жылжымалы бейнелер
15	«Не дәмді?» ертегісі	1 09.12	Саусақ театры	Ертегіні саусақ театры арқылы әңгімелеу, ертегі мазмұнымен таныстыру. Балалардың диалогты сөйлей білу қабілеттерін арттыру	Саусақ театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнелері
16	«Түлкі мен тырна» ертегісі	2 16.12. 23.12	Қуыршақ театры	Ертегіге деген қызығушылығын арттыра отырып, кейіпкерлердің	Эстетикалық талапқа сай ертегі мазмұнына байланысты безендірілген сахна: үй іші

				образдары бойынша ойнай білу қабілетін дамыту	бейнеленген макеттер, ыдыс аяқтар, сынырғыш, үй жиһаздары, хан сарайының макеті, арба, ертегі кейіпкерлерінің киімдері, ертегі мазмұнына сай әуендер
17	«Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» ертегісі	1 30.12	Қуыршақ театры	Қуыршақ театрының әртүрлі қырын көрсету. Қуыршақты жүргізу жеке жұмыстар ұйымдастыру мәтін мен кимышардың сәйкестігін келтіру.	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: қуыршақ кейіпкерлер, ертегі мазмұнына сай әуендер
18	«Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісі	1 16.01	Үстел-үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, ертегі мағынасын түсінуге, кейіпкерлердің өз-ара қарым-қатынасын бағалауға, кейбір адамгершілік қасиеттерді сипаттауға үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген үстел-үсті театры: жылжымалы қараша үй макеті және үй жиһаздары, кейіпкерлердің жылжымалы суреттері
19	«Бай мен кедей» ертегісі	1 13.01	Үстел-үсті театры	Балаларды ертегі мазмұнын тыңдауға, әрекеттердің дамуын қадағалауға ынталандыру	Ертегі желісі бойынша безендірілген үстел-үсті театры: арналған макеттері және т.б. көрнекіліктер
20	«Қорыққанға қос көрінеді» ертегісі	20.01	Фланелеграф театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, жетекші сұрақтар арқылы ертегіні әңгімелеуге үйрету, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу	Фланелеграф, ертегі мазмұнына байланысты кейіпкерлердің суреттері



21	«Саңырауқұлақ астында» ертегісі	1 27.01	Саусақ театры	Ертегінің мазмұнымен таныстыру, сұрақтар беру арқылы жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету	Саусақ театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнелері
22	«Аңқау қасқыр» ертегісі	1 03.02.	Конус театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар бере отырып, ертегіні желісі бойынша әңгімелеуге үйрету	Ертегі мазмұны бойынша безендірілген конус театры, жылжымалы ешкі, жылқы макеттері және т.б. көрнекіліктер
23	«Қоянның үйшігі» ертегісі	1 10.02	қуыршақ театры,	Ертегі мазмұнымен таныстырып, ертегіге деген қызығушылығын арттыру	Ертегі мазмұнына сай безендірілген ширма, макеттер, кейіпкерлер т.б. әуендер
24	«Құйыршық»	1 17.02.	Фланелеграф театры	Ертегіні мұқият тындап, фланелеграф тактасы арқылы мазмұның айтуға дағдыландыру.	Фланелеграф, ертегі мазмұнына байланысты кейіпкерлердің суреттері
25	«Қорыққанға қос көрінеді» ертегісі	1 24.02	Қуыршақ театры	Балаларды кейіпкерлердің бейнесін беру үшін сөздегі ырғақ манерін қолдануға үйрету, шығармашылықты дамыту	Ертегі мазмұнына сай безендірілген ширма: ертегі мазмұнына сай әуендер
26	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі	1 12.12	Конус театры	Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыру, сұрақтар қою арқылы ертегі желісін есте сақтауға	Конус театры: ертегі мазмұнына сай ағаштар, қоралар, шөптердің бейнелері, кейіпкерлер бейнеленген жылжымалы

				үйрету, ертегіге деген қызығушылығын арттыру	конустар
27	«Айлакер түлкі» ертегісі.	2 29 17.02	Қуыршақ театры	Балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту. Көңіл – күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі камқоршыболуға үйрету	Ертегі мазмұнына сай безендірілген ширма : ағаштар, , шөптердің бейнелері, ертегі кейіпкерлері, кейіпкерлердің іс-қимылдарына байланысты әуендер
28	Орыс халық ертегісі «Жабайы қаздар»	1 24	Қуыршақ театры	Қуыршақ театры арқылы балаларға ертегі желісін толық әңгімелеу. Ертегіні көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: құрастырмалы үйдің макеті, орман бейнелерінің макеттері, пенш, ағаштар мен алма ағашы, мыстан кемпірдің үйшігі, кейіпкерлердің қуыршақтары, ертегі мазмұнына байланысты әуендер
29	«Түлкі мен қоян» ертегісі.	1 31	Қуыршақ театры	Балалардың ертегіге деген қызығушылықтарын арттыру. Кейіпкерлер сөздерін жаттау арқылы есте сақтау қабілетін дамыту, тіл байлығын жетілдіру	Безендірілген қуыршақ театрының ширмасы: құрастырмалы үйдің макеті, орман бейнелерінің макеттері кейіпкерлердің қуыршақтары, ертегі мазмұнына байланысты әуендер
30	«Түлкі мен бодене» ертегісі	1 07-4	Саусақ театры	Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге	Саусақ театрына арналған ертегі кейіпкерлерінің бейнесі

				жаттықтыруды, сөздік қорын дамыту,	
31	«Түлкі мен бөдене» ертегісі	1	Драматизациялау	Балалардың сахналай білу қабілеттерін дамытып, арнайы атрибуттарды қолдануға үйрету	Ертегі желісіне сай жасалынған атрибуттар
32	Балалар қалауы бойынша ертегілер (қайталау)	3	Еркін	Жыл көлемінде үйренген пығармашылық біліктерін бекіту, дарындылығын анықтау	Балалар қалауы бойынша алынған ертегілерге қажетті көрнекіліктер
	<b>Барлығы</b>	<b>36 сағат</b>			